	<p>болып табылады. Еттердің барынша жоғары қуаттылығын, жалпы қуаттылықтың 30-50 % -ын құрайтын (статикалық күш) сыртқы қарсылықтар кезінде дамытады. Күшпен жиырылатын еттер қатысатын жаттығуының ең көп ұзақтығы 3-5 сек. 2 минут аралығында болады. Шыдамдылық жаттығуына қимылды іске асыратын еттердің негізгі тобы жұмсалатын күш пен жиырылу шапшаңдығы онша кеп болмай, дамытатын жаттығуды, бірақ оларды қалпына ұстауға және бірнеше минуттен бірнеше сағаттарға дейін қайталауға болатындарды жатқызады.</p> <p>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</p> <p>\$\$\$001</p> <p>Қимыл дағдысын қайта құру мүмкіншілігінің қамтамасыз етілу аясы:</p> <p>A) Қимыл дағдысының тұрақтылықөлшемімен B) Сала арнайылығының өзгеруі C) Қимыл дағдысының тұрақсыздығымен D) Қимыл әрекеттерініңқалыптасуымен E) Шаршаудың әсерінен жаттығу жүктемесінің өзгеруі F) Циклдердің үйлесімсіздігі G) Рефлекторлық реакцияныңұзаруы H) Ағзаныңқажуымен</p> <p>{Дұрыс жауап} = C, E, F</p> <p>\$\$\$002</p> <p>Спорт теориясының ірі мәселелермен айналысу аясы:</p> <p>A) Қозғалыс іскерлігі B) Қозғалыс әрекеті, теориялық хабарлар C) Қозғалыс әрекеті және дағдысы D) Спорттық жаттықтыруды өткізу әдістемесі E) Қозғалыс дағдысы F) Спорттық жетілдіруді оңтайландыру үдерісі G) Бейімделу, қайта қалпына келу, сауықтыру жұмыстары H) Шаршаудың әсерінен жаттығу жүктемесінің өзгеруі</p> <p>{Дұрыс жауап} = D, F, G</p> <p>\$\$\$003</p> <p>Оқу пәні ретінде спорт теориясының бөліктері:</p> <p>A) 3 B) 2-ден көп, 4-тен аз C) 5 D) 6 E) 7 F) Үшке бөліне оқытылады G) 9 H) 10</p> <p>{Дұрыс жауап} = A, B, F</p>	
<p>№ 7 дәріс</p>	<p>7-ТАҚЫРЫП. Спорттық жаттықтырудың қағидалары мен өлшемдері.</p> <p>Спорттық жаттықтырудың жалпы және арнайы қағидалары. Тереңдетілген мамандандыру және жекелендіруге, ең үлкен мүмкін болатын жетістіктерге бағыттау.</p> <p>Спортшылардың жалпы және арнайы дайындығының бірлігі.Жаттығу процесінің үздіксіздігі. Жаттығу жүктемесін ұлғайтудың біртіндеп пен шегінің бірлігі. Жүктеме динамикасындағы толқынбейнелілік. Жаттықтыру процесінің жарыстық циклі.</p> <p>Спорт жаттығуларының өзіндік ерекшелігі,өзіне тән қағидалаларын тудырады.</p>	<p>1</p>

Саналық қағидалары-спортшының санасында жоғарғы спорттық шеберлікке жету мақсатын қалыптастыру.

Біртіндеушілік қағидалары- жүктемені жоғарғы деңгейге дейін біртіндеп өсіру.

Даралық қағидалары- спортшының талантына, жеке басы мүмкіндігіне, өзіндік жаттығу техникасын орындау ерекшелігіне байланысты жаттықтыру әдістемесінің өзгеруі.

Жүйелік қағидасы (немесе жаттықтыру процесінің үзіліссіздігі). Спортшының ағзасын жаттықтырып, жақсы спорттық жетістіктерге жету үшін, спорттық жаттықтыру үрдісі бір жылға және көптеген жылдарға арналып құрастырлады.

Ғалымдар мен жаттықтырушылар кейінгі кездері жоғарғы дәрежелі спортшылардың жаттықтыру әдістемесіне көп көңіл бөлуде. Сонда жыл сайын жоғарғы дәрежелі спортшылардың жаттықтыру әдістемесі өзгертіндігі, сол арқылы да олар өте жоғарғы көрсеткіштер көрсететіні анықталады. Қазіргі әдістер аздаған өзгерістермен спорт саласында 20 жылдай қолданылып келеді. Осы әдіс өзінің мүмкіндіктерін пайдаланып болды деп айтуға болады. Өйткені оның негізгі компоненті берілген уақыт негізгі үлкен жаттықтыру көлемі өз шегіне жетті. Сондықтан біз қазір ескі әдістің өзгеріп, жаңа әдістің пайда болу кезеңінде тұрмыз.

Спортшының өзінің энергиясын, күшін, керек уақытта жинақтап, бір мақсатқа пайдалануы үшін психологиялық дайындыққа көп көңіл аударуға тиіс.

Циклдік қағидасы. Жүйелік және біртіндеушілік қағидалары жаттықтыру циклдерін құрғанда айқын білінеді. **Циклдік** дегеніміз белгілі бір уақыт ішіндегі жаттықтыру үрдісі бөлімдерінің аяқталған жиынтығы. Әрбір келесі циклде жаттықтыру кезіндегі жүктеме өсіп отырады. Циклдер: микроциклдер (апталық), мезоциклдер (айлық) және макроциклдер (жылдық) деп бөлінеді.

Жалпы және арнайы дайындықтардың бірігу қағидасы. Спорт жаттықтыруының негізгі міндеті ағзасын жан-жақты дамыту болып табылады. Бұл процесс жалпы және арнайы дайындықтың өзара байланысуы арқылы орындалады.

Жалпы дайындық кезінде жоғарғы спорт көрсеткіштерін өсіру үшін керек әр түрлі дене қуаты қасиеттері дамытылады, кең көлемде қимыл, қозғалыс шеберлігі мен дағдылары игеріледі. Арнайы дайындық кезеңінде таңдап алған спорт түріне керек дене қуаты қасиеттері дамытылады, қимыл шеберлігі жетілдіріледі. Спортшылардың жалпы және арнайы дене қуаты дайындығы кезеңдерінде байланысты өзгертіліп отырылады. Дайындық кезеңінде жалпы және арнайы дайындық көлемінің пайыздық арақатынасы 60-40 %, жарыс кезеңінде 20,30-80,70%, өтпелі кезеңде 80-20% болып өзгереді. Бұл спорт түрлеріне, спортшылар квалификациясына байланысты. Жоғарғы дәрежелі спортшыларға арнайы дайындық көлемі бөлек беріледі.

Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар

\$\$\$001

Жалпы төзімділіктің дамуына арналған спорттық жаттығулар:

- A) Қозғалмалы ойындар
- B) Гимнастика
- C) Акробатика
- D) Үйлесімдік жаттығулар
- E) Ұзақ қашықтыққа жүгіру
- F) Ауыр атлетика жаттығулары
- G) Жаттығулар арасындағы үзілістер уақытын қысқарту
- H) Дала жарысында көбірек қолданылады

	<p>{Дұрыс жауап} = E, G, H \$\$\$002 Дене дайындығы көрсеткішінің негізгі әдісі: А) Техника бағасы антропометриялық әрекетінің нәтиже өлшемі В) Тесттер С) Морфофункционалды көрсеткіштер D) Өлшеу, бақылау, сұрау E) Біркелкі әдіс F) Техника бағасы G) Антропометриялық көрсеткіштер қозғалыс әрекетінің нәтиже өлшемі H) Бақылау нормативтері {Дұрыс жауап} = B, C, H \$\$\$003 Қозғалыс функциясының сенситивті кезеңінің даму сипаттамасы: А) Іс-қимыл функциясының жоғарғы қарқынмен дамуы B) Қозғалыс қабілеттерінің жоғарғы деңгеймен дамуы C) Дене қабілеттерінің орта жылдық жоғары деңгейінің өсуі D) Іс-қимыл функциясының жоғарғы деңгеймен дамуы E) Дене қабілеттерінің максималды даму деңгейі F) Тест нәтижесінің орта жылдық жоғары деңгейінің өсуі G) Морфофункционалды көрсеткіштер H) Шаршаудың әсерінен жаттығу жүктемесінің өзгеруі {Дұрыс жауап} = A, D, E</p>	
<p>№ 8 Дәріс</p>	<p>8-ТАҚЫРЫП. Спортшыларды дайындаудың негізгі бөлімдері (мазмұны мен негізгі әдістемесі)</p> <p>Дене дайындығы және оның қазіргі спорттағы рөлі. Жалпы және арнайы дене дайындығының мақсаты, міндеті мен құралы және оған сипаттама. Төзімділік, иілгіштік, жылдам және күш қабілетін тәрбиелеу әдістемесінің ерекшеліктері.</p> <p>Техника-тактикалық дайындық. Әртүрлі спорт түрлеріндегі оның орны. Мақсаты, міндеті мен құралы, әдісі мен мазмұны. Техника-тактиканы жетілдіру мен қалыптастырудың негізгі әдістемесі. Техника-тактиканың бірлігі мен өзара шарттылығы.</p> <p>Психикалық және ақыл-ой дайындығы. Спортшы әрекетінің мотивациялық негізі. Ерік қасиетін тәрбиелеу. Спортшыларды дайындау процесіндегі тәрбие мен интеллектуалды білім берудің жолдары мен формалары. Кіріктірілген дайындық.</p> <p>Техникалық дайындық деп жарыс жаттығуларын орындауды жоғары деңгейде меңгеру үрдісін айтамыз. Оның негізгі міндеті – спорт түріндегі негізгі қозғалысты шеберлікпен меңгеру, дағдылану.</p> <p>Әрбір спорт түрлерінде жаттығу техникасы әр түрлі болып келеді. Төзімділікті керек ететін спорт түрлерінде техниканы жетілдіру қимыл-қозғалысты тиімді түрде орындауға байланысты.</p> <p>Әр бір спорт түрлерінде жаттығуларды орындаған кезде «эталондық» орындау керек деген көзқарас қалыптасқан. Ол ең жақсы спортшының өз спорт түрінде негізгі жаттығуды орындауы. Ол кітапта жазылған, суретте, кинотүсірулерде көрсетілген жаттығуды орындау түрі, техникасы жаттығуды үйренуге негіз болуы керек. Ал спортшыдан дәл осындай орындау керек деп талап еткен дұрыс болмайды. Спортшы сол көрсетілген жаттығуды орындау техникасын негізге алып, өз ерекшеліктерін ескеріп, жаттығуды орындауы керек. Ол ерекшеліктер: дене құрылысы, дене қуаты дайындығы, физиологиялық, психикалық ж.б. қасиеттер.</p> <p>Техникалық дайындық кезінде спортшылар мынандай талаптар орындауы керек: Техника нәтижелілігі- жарыс жаттығу техникасының нәтижелі орындалуы.</p>	<p>1</p>

Мысалы, волейболшының шабуыл соққысы соққан доп, ойын алаңына түсуі. Тиімділігі-биомеханика заңдылықтарына сай тиімді қозғалыс құрылысын орындау.

Тұрақтылығы- тұрақты жоғары көрсеткіштер көрсетуге бағытталған қозғалыс техникасын құрастыру

Бейімділігі- спортшының жетілдірілген қозғалыс техникасын барлық жарыс жағдайында орындай алуы.

Үнемділігі- энергияны неғұрлым аз жұмсайтын қозғалыс құрылысы.

Тактикалық дайындық дегеніміз-жарыс кезіндегі жеңіске жету үшін пайдаланылатын әдіс-амалдарды, айла-тәсілдерді қолдана білу өнері. Тактикалық дайындық екі кезеңнен тұрады:

спорттық күресті жүргізу жолдарын өз мүмкіншілігінше, қарсыластарының ерекшеліктеріне, жарыс жағдайларына байланысты жоспарлау;

осы жоспарды спортшының жарыстағы мүмкіншілігіне байланысты амалдар мен жолдар арқылы іске асыру. Тактикалық дайындықты дұрыс іске асыру үшін төмендегідей міндеттерді орындау керек:

қазіргі кездегі өзі айналысып жүрген спорт түрінің тактикалық тәсілдер негізін оқу, үйрену, тиімді пайдалана білу;

мықты спортшылардың тактикалық тәжірибесімен танысу;

өтетін жарыстардың ережелерін, шарттарын, қарсыластарының мүмкіншіліктерін зерттеу (уақыты, жарыс өткізілетін орын т.б.)

жарыстың тактикалық жоспарн жасау;

тактикалық тәсілдерді, оларды орындау жолдарын тәжірибе жүзінде меңгеру;

қарсыласына психологиялық басымдылық көрсете алу шеберлігін қалыптастыру, оны ыңғайсыз жағдайда жарысуға мәжбүр ету;

өткен жарысты талдау, тиімді тактикалық әрекеттерді жетілдіру.

Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар

\$\$\$001

Уақыт сезімділігінің көрсеткіші:

A) Жалғыз қимыл жылдамдылығы

B) Күрделі координаталық қимыл спорт түрлерінде өте сирек кездеседі

C) Қимылдау реакциясының жылдамдылығы

D) Ату спорт түрлерінде көбірек кездеседі

E) Бірнеше қозғалыс жылдамдылығы

F) Бокста көп қолданылады

G) Қимылдау жиілігі

H) Кешенді қимылдардың шапшандығы

{ Дұрыс жауап } = A, B, D

\$\$\$002

Іс-қимыл шеберлігінің сипаттамасы:

A) Қимылды орындаудың тұрақсыздығы

B) Дене қасиеттерінің жоғары деңгейде дамуы

C) Қимыл меңгерудің дәрежесін көрсету

D) Қимыл тұрақтылығы

E) Дағды-машықтардың автоматтануы

F) Спорттық ойындарды ойнай алу

G) Қимыл құрамының айқындалуы

H) Қимылды тез уақытта орындау

{ Дұрыс жауап } = B, D, E

\$\$\$003

Оқу-спорттық жұмыстардың қолданылу саласы:

A) Көпшілік тұратын аудандарда

B) Бекітілген бағдарлама бойынша

	<p>C) Білім беру мекемелерінде D) Түрлі үйірмелерде E) Мектептен тыс дене тәрбиесі спорттық іс-шараларында F) Жасөспірімдер спорт мекемелерінде G) Демалыс орындарында H) Мектептердегі тәрбие іс-шараларында {Дұрыс жауап} = C, E, F</p>	
<p>№ 9 Дәріс</p>	<p>9-ТАҚЫРЫП. . Спорттық жаттықтырудың бөлімдері. Спорттық жаттықтыру бөлімінің негізі. Спорттық жаттықтырудың бөлімін анықтайтын қарым-қатынас пен байланыстың маңызы. Жаттықтыру процесінің кезеңдері, спорттық форма мен заңдылықтарының дамуы жайлы түсінік, жарыс күнтізбесі, климаттық-кезеңдік жағдайлар. Жаттықтыру процесінің кезеңдері мен бөлімдері, әртүрлі деңгейлерін сипаттайтын құрылымының классификациясы (макро, мезо және микроқұрылым). Спорт жаттықтырулары - дене қуаты дайындығы, техникалық, тактикалық, психологиялық және теориялық дайындықтар деген бөлімдерден құралады. Дене қуаты дайындығы. Спорттық жаттықтырудағы дене қуаты дайындығы спортшының ағзасының мүшелері мен жүйелерін нығайтуға, олардың қызметтік мүмкіншіліктерін жоғарлатуға , дене қуаты қасиеттерін дамытуға бағытталған. Дене қуаты дайындығы жалпы және арнайы деп бөлінеді. Арнайы дене қуаты дайындығы алдыңғы және негізгі арнайы дайындық деген екі бөлімге бөлінеді. Алдыңғы арнайы дайындық бөлімі негізгі бөлімге фундамент ретінде қаланса, негізгі бөлімі спорт түріне бағыттылған қимыл дайындығын кең мөлшерде қамтамасыз етуге қолданылады. Жаттықтыру үрдісінің үлкен циклінде алдымен жалпы дене қуаты дайындығы жүргізіледі. Оның үстіне арнайы дайындық фундамент ретінде қаланады да, оның негізінде жоғарғы деңгейдегі қимыл-әрекеті, қасиеті дамытылады. Осы дайындықтар баспалдақ, саты ретінде орындалады. Төменгі саты неғұрлым мықты болса, келесі саты соғұрлым биік болады, келесі қозғалыс қасиеттерін де, сондайлық биік деңгейде дамытуға қол жеткізуге болады. Осы үш сатылы дайындық үрдісі шаңғышылардың, ескекшілердің, конькимен жүгірушілердің, велосипедшілердің, суда жүзушілердің жаттықтырулар циклдерінде анық көрінеді. Ұзақ мерзімге төзімділікті керек ететін циклдік спорт түрлерінің жылдық жаттықтыруында осындай үш сатылық дайындық міндетті түрде орындалуы қажет. Теориялық дайындық әдісі- Спортшыларды дайындайтын заңдылықтарын, олардың әдістемелерін үйрену. Теориялық дайындықсыз дайындықтың басқа жақтарын іске асыру мүмкін емес. Спортшы, сонымен қатар, арнайы дәрістерді тыңдап, спорт туралы жазылған ғылыми-әдістемелік, көркем, тарихи әдебиеттерді оқып, кинофильмдер көріп білімін дамытып отырғаны жөн. Спортшыны спорт түрінен дайындау жүйесінде теориялық дайындықтың маңызы ерекше Спортшы теориялық ақпараттарды көп білген сайын, спорттағы жетістіктер тезірек жоғарылайды. Теориялық білім спортшыға спорттық жетістіктерге жылдам жетуге ғана емес, күнделікті өмірде де, маңайындағы адамдарды салауатты өмір салтына насихаттауда да қажет болады. Теориялық дайындық бағдарламасы кең көлемде болғаны дұрыс. Ол мынандай бөлімдерге бөлінеді: 1. Дене мәдениеті мен спорттың Қазақстанда дамуы, қоғамдағы рөлі. 2. Спорт түрінің пайда болуы, дамуы, қазіргі жағдайы. 3. Дене жаттығуларының адам ағзасына әсері. 4. Спортшының гигиенасы, тамақтануы, шынығуы, күн тәртібі туралы</p>	<p>1</p>

	<p>мағлұматтар.</p> <p>5. Дәрігерлік бақылау өзін-өзі бақылау, жарақаттарды болдырмау, емделе білу жолдары мен спорттық массаж.</p> <p>6. Спорттық жаттықтырудың негізгі әдістемелері.</p> <p>7. Спортшының жалпы және арнайы дене қуаты дайындығы.</p> <p>8. Спортшының техникасы, тактикасы және оларды жетілдіру әдістері.</p> <p>9. Спорттық жаттықтыруды жоспарлау.</p> <p>10. Спорт түрінен өткізілетін жарыс ережесі.</p> <p>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</p> <p>\$\$\$001</p> <p>Үйрету бұл:</p> <p>A) Спорттық жаттығулар техникасын оқушының игеру үдерісі</p> <p>B) Дәлдік және икемділік қасиеттерін дамыту</p> <p>C) Дене дайындығы мен жұмыс қабілеттілігін тұтастай арттыру</p> <p>D) Түрлі әдіс пайдаланып, теориялық білімдерді үйрету</p> <p>E) Түрлі әдіс пайдаланып, дағдыларды үйрету</p> <p>F) Жылдамдық, иілгіштік, күш қасиеттерін дамыту</p> <p>G) Дағды-машықтың автоматтану деңгейіне жеткізу</p> <p>H) Спорт техникасын ескеріп, бұлшық еттер мен сіңірлерді даярлау</p> <p>{Дұрыс жауап} = D, E, G</p> <p>\$\$\$002</p> <p>Спорттық машықтану :</p> <p>A) Түрлі әдіс пайдаланып, білімдер мен дағдыларды үйрету</p> <p>B) Дене дайындығы мен жұмыс қабілеттілігін тұтастай арттыру</p> <p>C) ж.ж.ж. иілгіштік, күш, дәлдік және икемділік қасиеттерін дамыту</p> <p>D) Бұлшық еттер мен сіңірлерді даярлау</p> <p>E) Оқушының спорттық жаттығулар техникасын игеру үдерісі</p> <p>F) Спортпен кәсіби айналысу үшін мақсатты түрдегі жаттығулар кешені</p> <p>G) Спорт техникасын ескеру</p> <p>H) Жарыстық іс-қимылдарды автоматты түрде орындау</p> <p>{Дұрыс жауап} = E, F, H</p> <p>\$\$\$003</p> <p>Баланың дамуына әсер ететін іс-қимылдар:</p> <p>A) Дененің дұрыс қалыптаса дамуын толық қадағалау, бақылау</p> <p>B) Спорттық секцияларда жүргізілетін үйрету</p> <p>C) Артық қимылдарды, бұлшық еттің артықша күш жұмсауын толық жою</p> <p>D) Дене дайындығын, моралдік ерік қасиеттерін толығымен қалыптастыру</p> <p>E) Қимылдың жеке бөліктерін үйренуден және жекелеген қимылды біріктіру</p> <p>F) Табиғи, гигиеналық факторларды үйлесімді қолдану</p> <p>G) Таңертеңгілік гимнастика, тамақтану тәртібі, су процедуралары және т.б.</p> <p>H) Машықтану сабақтарын жүргізу</p> <p>{Дұрыс жауап} = A, F, G</p>	
<p>№ 10 дәріс</p>	<p>10-ТАҚЫРЫП.. Спортшыларды дайындау көпжылдық процесс ретінде</p> <p>Спорт сабақтарының көпжылдық процесіндегі негізгі кезеңдерге сипаттама: базалық дайындық, спорттық ұзақ жасау мен спорттық мүмкіндіктерді іске асырудың ең жоғары шегі.</p> <p>Әлеуметтік және биологиялық факторлар, әртүрлі деңгейдегі спорттық дайындықтардың даңқын асыратын ерекшеліктер.</p> <p>Жаттықтыру жылы құрылымының кейбір нұсқалары және оларды спортшыларды дайындауға пайдалану ерекшеліктері.</p> <p>Жоғарғы спорттық көрсеткіштерге жету үшін спортшы көп жылдар бойы, 10 жылдан артық мөлшерде, үзіліссіз жаттығуы керек. Осы көпжылдық жаттығу шартты түрде төрт кезеңге бөлінеді:</p>	<p>1</p>

1. Алғашқы дайындық кезеңі. Республикамызда спорт мектептерінің алғашқы дайындық топтарына өз еркімен спортпен айналысқысы келген, ата-аналарының, мектеп басшыларының, дәрігердің келісімін алған балалар қабылданады. Бұл балалар спорт мектептерінің жас ерекшеліктеріне, спорт түріне байланысты бекітілген ережелері бойынша спорт топтарына бөлінеді. Мысалы, гимнастика 6 жастан, суға жүзу 7 жастан, футбол 8 жастан, хоккей 9 жастан, ескек есу 10 жастан, ат спорты 11 жастан. т.с.с. Осы топтардағы оқушылар үш жыл бойы жалпы дене қуатын дамытумен, бастапқы техника негіздерін үйренумен айналысады да, әр түрлі сынақтар тапсырғаннан кейін оқу, жаттығу топтарына ауыстырылады.

2. Бастапқы мамандану кезеңі балалардың жасөспірім жас шағына сәйкес келеді. Бұл кезеңнің негізгі міндеті организмді жан-жақты дамыту және қимыл-қозғалыс ептілігі мен дағдысын жетілдіру болып табылады. Бастапқы мамандану кезеңінің ұзақтығы 3-4 жыл, бірақ спортшының дарындылығына, спорттың түріне байланысты ол уақыт өзгеруі де мүмкін. Балалардың жастарына, жаттыққандығына байланысты жаттықтыру уақыты ұзаруы, жаттықтыруларды бір апта ішінде қайталау жиілігі біртіндеп көбейіп отырылуы қажет.

3. Тереңдете жетілдіру кезеңі. Бұл кезең спортшының есейген кезіне сай келеді. Кейбір ерте жастан жаттыға бастайтын суға жүзу, гимнастика, мәнерлеп сырғанау т.б. спорт түрлерінде жасөспірім жас мөлшеріне сәйкес келіп қалуы да мүмкін. Бұл кезеңнің негізгі міндеті жоғарғы спорттық шеберлікті меңгеру. Жаттықтыру кезінде жүктеме көлемі мен қарқындылығы ең жоғары шекке дейін өсіріледі, жарыстың саны көбейеді, дәрежесі жоғарылайды. Бұл кездегі жас шектеу мөлшері жылдамдықты керек ететін спорт түрлерінде 18-ден 26 жасқа дейін, төзімділікті керек ететін циклдік спорт түрлерінде 30 жасқа дейін болады.

4. Спортта ұзақ жасау кезеңі. Бұл кезең дайындалғандық деңгейін төмен түсірмей ұстап тұра алған кезге дейін созылады. Бұл кезеңде спортшылардың жас ерекшеліктеріне, психикалық болдыруына, жаттықтырулар мен жарыстардан шаршауларына байланысты спорттық көрсеткіштері біртіндеп төмендей береді. Жалпы жүктеме көлемі жайлап азайтыла бастайды. Жаттықтыруларда жүктеме қарқыны, жарыстар саны азаяды. Әрбір спортшы бұл кезеңде жаттықтыру жүктемелерін жаттықтыруларды кенеттен қойып кетпей, біртіндеп азайтуы керек. Бұлай етпеген жағдайда зиян келетінін олар білуі қажет.

Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар

\$\$\$01

Жаттығуды игерудің бірінші кезеңінде кездесетін мүмкіншіліктер:

- A) Қимылдың негізгі құрамын игеру
- B) Қимылдың қосымша құрамын игеру
- C) Жаттығу техникасын тереңдеп ұғу
- D) Жаттығу техникасын жалпы түрде игеру
- E) Қозғалыстарды үйренуді қарапайым түрлерінен бастау
- F) Дене қасиеттерін жетілдіру
- G) Жаттығу техникасын біртіндеп орындау
- H) Жаттығу элементтері байқау ретінде орындау

{Дұрыс жауап} = D, E, F

\$\$\$02

Дене жаттығуына үйретудің тиімді басқару жолдары:

- A) Жаттықтырушының нұсқауларын бұлжытпай орындау
- B) Көпшілікке арналған спорт жаттығуларын игеру
- C) Үйретудің жеке міндеттерін орындау
- D) Қимыл әрекеттерін қайталап орындау

	<p>Е) Нақты жаттығуларға үйрету бағдарламасы F) Дене тәрбиесі қағидаларын ұстану G) Әдістерді үйлесімді қолдану H) Қимыл әрекеттерінің тұрақтылығы {Дұрыс жауап} = E, F, G \$\$\$03</p> <p>Спорттық ойын түрлерінде жоғары жетістікке жетуге қажетті дене сапасы: A) Ептілік B) Күш төзімділігі C) Күш көрсеткішінің жоғары дамуы D) Үйлесімділік E) Дене қабілеттілігі F) Төзімділік G) Шапшаңдық H) Икемділік {Дұрыс жауап} = A, D, H</p>	
<p>№ 11 дәріс</p>	<p>11-ТАҚЫРЫП. Спортшыларды дайындау жүйесіндегі жоспарлау, бақылау және басқару</p> <p>Жоспарлаудың маңызы, негізгі міндеттері, түрі. Спортшыларды дайындауды жоспарлау және басқару формалары мен объективтік негізі, нысаны; жоспарлау мазмұны мен тәсілі, күтілетін нәтижелерді құру тәртібі.</p> <p>Келешектік жоспарлау мен спорттық нәтижелерді болжауға бағыт беру, спортшының «үлгілі сипатын» жасау және оның көпжылдық жаттығуының бағдарламасын жасау.</p> <p>Спортшының өзіндік бақылауы және бапкерлік бақылау нысаны. Спорттық жаттықтыруға кешенді бақылау: педагогикалық, дәрігерлік-биологиялық, психологиялық және әлеуметтік бақылау әдісі.</p> <p>Спортшылардың спорттық жаттығу процесінің есебі.</p> <p>Жаттықтыру үрдісінің ұзақтығына байланысты жоспарлаудың үлкен кезеңдік (болашақтық) және кіші кезеңдік (жедел) деген екі түрі болады. Үлкен кезеңдік жоспарлау төрт жылға немесе бір жылға арналып жасалады. Ал кіші кезеңдік жоспарлау, айлық (мезоцикл), апталық (микроцикл) және жеке жаттығу сабақтарына арналып жасалады. Микроциклге споршы қатысатын жарыстардың түрі, уақыты, сол жарыстарда спортшының орындайтын міндеті, оның дайындығындағы айлық кіші міндеттер және жыл көлемінде орындалатын үлкен міндеттер сипаты, жүктеменің көлемі кіргізіледі. Әдістемелік нұсқаулар беріледі. Бақылау түрлерінің және дәрігерлік бақылаудың өткізілу уақыты белгіленеді. Жылдық жоспар жасағанда спортшының шамасы, мүмкіншіліктері спорттық көрсеткіштерінің өсу қарқыны негізге алынады. Жоспарды спортшымен келісе отырып жасаған дұрыс. Ол жоспардың дұрыстығына сеніп, оның дұрыс орындалуына бар мүмкіншіліктерін пайдалана білуі керек. Өскемен қаласындағы облыстық балалар және жасөспірімдер олимпиадалық ізбасарлар спорт мектебінің жеңіл атлетикамен айналысатын спорттық жетілдіру тобының жылдық жоспар кестесін қараңыздар (1-кесте) Жылдық жоспардың міндеттері кіші кезеңдік жоспар жасағанда кеңінен, нақтылы ашыла көрсетіледі. Мезоциклдер (айлық цикл) 3-4 микроциклдерден құралады да, 2-3 екпінді және 1-2 қалпына келу толқындары түрінде жүргізіледі. Айлық жоспар үлгісі (2-кесте).</p> <p><i>Микроциклдер дегеніміз бірнеше жаттықтыру сабақтары мен қалпына келу күндерінен құралған, жаттықтыру процесі түрінің толық біткен, бірақ қайталанатын апталық циклі.</i></p> <p>Микроциклдердегі жүктеме толқын түрінде өзгеріп тұрады да, 2-3 екпінді</p>	<p>1</p>

	<p>кезеңдерден, қалпына келтіру жаттықтыруларынан құралады. Жарыс кезінде спортшыға жоғары қалпына келу жағдайы жасалуы, жүктеме дұрыс бөлінуі қажет. Микроциклдердегі дене қуаты қасиеттерін, техникасын, тактикасын дамытатын жаттығулар араластырылса, өз кезегімен берілуге тиіс. Күш жылдамдығын керек ететін спорт түрлерінің жалпы дайындық кезеңі микроциклдегі жаттықтыру сабақтарының мынандай міндеттері бар :</p> <p>А) техника дайындығы және жылдамдыққа тәрбиелеу; Б) қалпына келтіру жаттықтырулары; В) техника дайындығы; Г) күш жылдамды</p> <p>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</p> <p>\$\$\$03</p> <p>Қимыл әрекеттеріне үйретудің бірінші кезеңінің мақсаты:</p> <p>А) Қимыл әрекеттерге үйренуді қарапайым әдістерден бастау Б) Қимыл әрекеттерін бөлшектеп орындау С) Жаттығудың бірінші бөлігін толық үйренгеннен соң ғана келесіге өту Д) Қимыл тәжірибесін қалыптастыру Е) Қимыл тәжірибесін толықсыз қалыптастыру F) Қимыл әрекеттерін орындау G) Қимыл әрекеттерін біркелкі орындау H) Қимыл әрекеттерін вариативті орындау</p> <p>{Дұрыс жауап} = А, В, С</p> <p>\$\$\$02</p> <p>Қимыл әрекеттеріне үйретудің үшінші кезеңінің мақсаты:</p> <p>А) Қимыл әрекетінің дағдысын белгіленген деңгейіне жеткізбеу Б) Қимыл әрекеттерінің техникасын автоматтандыру С) Дағды-машықты меңгеру шеберлілігі Д) Қимыл әрекеттерінің техникасын жетілдіру Е) Қимыл әрекеті дағдысының тұрақсыздығы F) Қимыл әрекетін ауыспалы түрде орындау G) Қимыл әрекетін өсіру H) Дағды-машықты меңгеру әліппесі</p> <p>{Дұрыс жауап} = В, С, D</p> <p>\$\$\$03</p> <p>Қимыл дағдысының тұрақтылығын анықтау әдісі:</p> <p>А) Қимыл әрекетін ауыспалы түрде орындау Б) Қозғалыс техникасының тұрақсыздығы С) Қозғалыс техникасының тұрақтылығы Д) Айналысушы дағды-машығының жетілдіру деңгейі Е) Жарыстық іс-қимылдарға өте қажет F) Қозғалыс техникасының жетілдіру G) Қозғалыс техникасының өзгерістігі H) Қозғалыс элементтерін орындау тұрақсыздығы</p> <p>{Дұрыс жауап} = С, D, E</p>	
<p>№ 12 дәріс</p>	<p>12-ДӘРІС ТАҚЫРЫБЫ. Балалардың спорт дайындығының ерекшеліктері.</p> <p>Қазіргі кезде балалар спортпен өте жас кезінен шұғылдана бастайды. Сондықтан жаттықтыру үрдісіне, жарыстар өткізуге айрықша көңіл бөлген жөн. Жас спортшылардың жаттықтыруларына төмендегідей талаптар қойылады:</p> <p>1. Жаттықтыру кезінде спортшының дене қуаты қасиеттері жан-жақты дамытылуы, ағзасының жұмысқа қабілеттілігі жоғарлатуы керек.</p> <p>2. Психикалық ширығулар және дене қуаты жүктемелері, өсіп келе жатқан</p>	<p>1</p>

бала ағзасының мүмкіндігіне, жасына, жынысына дайындық деңгейіне сай берілуі керек. Жаттықтыру жетісіне 3-6 рет өткізіліп, ол балаларды жалықтырмайтын әр түрлі, әсерлі, көбінесе ойын түрінде болуы қажет.

3. Спортшы ағзасының бастапқы қалпына келу тәртібі, жаттықтырушының, дәрігердің ұсыныстары, ұйқы, тамақтану, дем алу тәртібі қатаң сақталғаны жөн. Жаттықтырулардың бастапқы кезінде толық және қарапайым қалпына келу тынығу аралығы қолданылады. Дене қуаты дайындығының деңгейі көтерілген соң қатаң қалпына келу тынығу аралығы қолданылады. Қалпына келу үрдісін жеңілдету үшін күндік жүктемені бөліп өткізуге болады. Ол кезде бір күндік микроциклдер пайда болады да, кіші және орта жүктемелер қалпына келу үрдістерінің жеңіл өтуіне себепін тигізеді. Жыныстық жетілу кезінде спортшы ағзасының қызметі қатаң бақылауға алынады. Бұл мерзімде жасөспірім ұл мен қыз балаларға берілген өте жоғары жүктемелер олардың денсаулығына зиянын тигізуі мүмкін. Әсіресе қыз балаларға айрықша көңіл бөлген жөн. Олардың жұмыс қабілеттілігінің өзгеруі, тез әсерленгіш көңіл күйлері көбінесе етеккір келу циклдерінің мерзіміне байланысты. Етеккір келер алдында және келген кезде спортшы қыздардың жұмыс қабілеттілігінің тез қалпына келуіне жағдай жасалынады. Ал қыз балалардың ағзасының ерекшеліктері ескерілмей жүргізілген жаттықтыру жұмыстары олардың қабілетін төмендетіп, жаттықтыруға ықыласын азайтады. Жаттықтырушының беделіне, біліміне сенімсіздік туғызады. Өте көп жүктемелер баллардың жыныстық жетілуіне кері әсерін тигізеді.

4. Балаларға «аз уақыт ішінде өте жоғары спорттық көрсеткіштерге жету керек» деген міндет қоюға болмайды. Ондай асығыс дайындықтардың бала ағзасына зияннан басқа пайдасы жоқ.

5. Спорт жаттықтыруларын жоспарлағанда мектептегі оқу үрдісінің тоқсандарын, демалыстарын ескерген жөн. Өте жоғарғы дене қуаты жүктемелерін каникул, демалыс кездеріне орайластыра орындау қажет.

6. Дене қуаты және психикалық ширығуларды азайту үшін жарыстарды жеңіл түрде өткізуге тырысу қажет. Ол жарыстар жүгіру қашықтығын қысқарту, спорт ойындарында, жеке сайыстарда жарыс уақытын азайту түрінде өткізіледі.

7. Спорт жарыстарына жас балаларды қатыстырғанда жас шектеуге қатаң қараған жөн. Мектеп жарыстарына 9-10 жастан, қалалық жарыстарға 11-12 жастан, республикалық жарыстарға 15-16 жастан жоғарғы жастағы балалар қатыстырылады.

8. Оқу орындарындағы сабақтардың қызу кезінде жарысты аз өткізуге тырысу керек.

9. Балалардың жыныс және жас ерекшеліктеріне байланысты жеңіл, арнайы, спорт құрал-жабдықтарын пайдаланған жөн.

Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар

\$\$\$01

Жұмыс қабілетінің толық қалпына келтіруін айқындайтын демалу аралығы:

- A) Ординарлық
- B) Қатты
- C) Төтенше
- D) Толық
- E) Экстремалдық
- F) Экстремалдық-төтенше
- G) Субординарлық
- H) Субмаксималдық

{Дұрыс жауап} = C, E, F

\$\$\$02

Жаттықтыру кезінде ең бірінші қолданылатын үйрету әдісі:

	<p>A) Стандартты-қайталау жаттығу әдісі B) Вариативті-аралық жаттығу әдісі C) Қайталай жаттығу әдісі D) Стандартты жаттығу әдісі E) Біркелкі жаттығу әдісі F) Вариативті-біркелкі жаттығу әдісі G) Стандартты-аралық жаттығу әдісі H) Вариативті жаттығу әдісі {Дұрыс жауап} = A, C, D \$\$\$03</p> <p>Жаттығу техникасының сипаттамасы: A) Қозғалысты орындаудың тұрақсыздығы B) Дағды-машықтың автоматтануы C) Қозғалысты басқаруда автоматтықтың өте төмен дәрежесін көрсету D) Қозғалыс тұрақтылығы E) Автоматты түрде орындау F) Қозғалысты басқаруда автоматтықтың орта дәрежесін көрсету G) Қозғалыс стереотипінің айқындалуы H) Жарыстық іс-қимылдарды шеберлік деңгейде орындау {Дұрыс жауап} = B, D, H</p>	
<p>№ 13 дәріс</p>	<p>13-ДӘРІС ТАҚЫРЫБЫ. Дене мәдениетінің жүйесі</p> <p>Дене жаттығуларын пайдаланудың адамдарға әсері педагогикалық ұйымдастыру құбылысы, сондай-ақ ғылыми тұжырымдарды, басшылыққа алу деңгейіне байланысты. Осы саладағы мақсатты бағыттар дене тәрбиесі деп аталатын бүтіндей қоғамдық ұйымдарда құрайды. Дене тәрбиесінің әр жүйесі дене тәрбиесінің тиянақты-тарихи Түрін бейнелейтіндіктен қойылған мақсатқа жету үшін осы немесе басқа ұйымдардан құралады. Жүйе айқын салалар құрылымымен олардың қызметі қоғамның басқа да жүйелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерімен айқындалады.</p> <p>Жүйенің ең басты қызметі-адамдардың дене мәдениетін жоғары сатыға көтеру үшін барлық осыған тікелей қатысты құралды.</p> <p>Мемлекеттік дене тәрбиесінің идеологиялық бағыттағы қызметін ғана емес, сонымен қатар материалды жағынан қамсыздандыру деңгейін (спорт кешкіні құрылысы, он арнайы жабдықтау, кадрларды жүйелі дайындау, төлемді анықтау), ғылыми қызмет етуді, әдістемелік әдебиеттермен жабдықтауды мақсат етеді.</p> <p>Дене тәрбиесі жүйесі өз даму барысында бай мүмкіндіктерге ие. Ол қоғамның ұйымдастыру саласының бұрышынан кем жатқан жүйе болғандықтан жалпы халықтық болып танылады.</p> <p>Дене тәрбие жүйесі елдің әр түрлі қоғамдық топтарының ерекшеліктеріне бағытталған өз Алдана дербес қоғамдық топ өкілдерінің ерекшеліктеріне қарай сипатталады (балалар дене тәрбие жүйесі және әр түрлі қоғамдық мектеп оқушылары дене тәрбиежүйесі т.б.).</p> <p>Балалар дене тәрбиесі жүйесі -әр түрлі жастағы топтардың денсаулығына жан-жақты бағытта қызмет жасайтын қоғамдық ұйым.</p> <p><i>Дене тәрбиесі жүйесі туралы жалы түсінік</i></p> <p>Дене тәрбие жүйесі “дене мәдениеті”, “спорт”, “дене тәрбиесі” деп аталатын салалардан тұрады. Бұл құбылысты талдаудың әр түрлі бағыттары бар. Дене тәрбиесі “дене мәдениетінің” құрылымына жалпы дене тәрбиесі, кәсіптік және спорттық бағыттағы дене тәрбиесі деп аталатын педагогикалық бастр үшбағыттары бойынша кіреді. Атап айтқанда, спорт өзінің педагогикалық жағынан, яғни спорттық дайындық – білім мен тәрбиенің барлық мақсаттарна қызмеі көрсететін дене тәрбиесінің бір саласын құрайды. Қазіргі әдебиеттердегі кездесетін “физикалық рекрециялық” термині белсенді демалысты қамтамасыз ету, жұмыстың басқа түріне қошті орнына келтіру</p>	<p>1</p>

	<p>үшін ауысу сияқты дене тәрбиесінің тапсырмаларының бірін айқындайды. Бұл тапсырманың шешімі ұйымдастыру жұмыстарының өзіне тән сан қилылығымен жалпы дене тәрбиесі, кәсіптік бағыттағы дене тәрбиесі арқылы бейнеленеді.</p> <p>“Физикалық реабилитация” термині уақытша жоғалған немесе оқыс жағдайлар мен ауру кезінде төмендеген дене қуатын қалпына келтіру дегенді білдіреді. Дене жаттығуларын бұлай пайдаланудың медициналық емдік қасиеті бар. Бұл дене тәрбиесінің үш бағытының құндылығы-біріншіден, дене тәрбиесі жүйесінің тең құқықтылығы, екіншіден, материалды қамтамасыз ету мен жаттығатындар санының әр түрлілігі, үшіншіден, әр бағыттың шартты шекарасы мен олардың ішкі қарым-қатынасы.</p> <p>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</p> <p>\$\$\$001</p> <p>Спорттағы бірыңғай деңгейдің көріну жақтары:</p> <p>A) Пәлсапада көрінеді B) Табиғатта көрінеді C) Қоғамда көрінеді D) Биологияда көрінеді E) Экологияда көрінеді F) Биохимияда көрінеді G) Математикада көрінеді H) Әлеуметтік салада көрінеді</p> <p>{Дұрыс жауап} = B, C, H</p> <p>\$\$\$002</p> <p>Спорттағы анаэробты мүмкіндіктің сипаттамасы:</p> <p>A) Оттегінің бірде жетіп, бірде жеткіліксіз кезіндегі жағдай B) Жаттығуды орындау кезінде оттегіні қолданбайды C) Оттегінің жеткілікті кезіндегі жұмыс жағдайы D) Белсенді демалыс кезі E) Баяу демалыс кезі F) Оттегінің жетіспеу кезіндегі жұмыс жағдайы G) Циклді спорт түрлерінде көп кездеседі H) Ауыр атлетикада көп кездеседі</p> <p>{Дұрыс жауап} = B, F, H</p> <p>\$\$\$003</p> <p>Спорттағы аэробты мүмкіндік сипаттамасы:</p> <p>A) Оттегінің жеткілікті кезіндегі дененің жағдайы B) Сүт қышқылының көбеюі C) Спортшының ұзақ уақыт жұмыс істеу қабілеттілігі D) Көмір қышқыл газының азаюы E) Көмір қышқыл газының көбеюі F) Белсенді демалыс кезіндегі жұмыс G) Төзімділік дене қасиеттерін дамытқанға зор үлес қосады H) Сүт қышқылының азаюы</p> <p>{Дұрыс жауап} = A, C, G</p>	
№ 14 дәріс	<p>14 ДӘРІС-ТАҚЫРЫБЫ: ЖОО таңдамалы спорт түрлерін жетілдіруді жоспарлау.</p> <p>Жаттықтыру процесінің ұзақтығына байланысты жоспарлаудың перспективалық және жедел деген екі түрі болады. Перспективалық жоспарлау айлық (мезоцикл), ал жедел жоспарлау апталық (ликроцикл) және жеке жаттықтыру сабақтарына арналып жасалады. Микроциклге спортшы қатысатын жарыстардың түрі, уақыты, сол жарыстағы спортшының орындайтын міндеті, оның дайындығындағы аралық кіші міндеттер және</p>	1

жыл көлемінде орындалатын үлкен міндеттер сипаты, жүктеменің көлемі кіргізіледі.

Жылдық жоспар жасағанда спортшының шамасы, мүмкіншіліктері спорттық көрсеткіштерінің өсу қарқыны негізге алынады. Жоспарды спортшымен келісе отырып жасаған дұрыс. Ол жоспардың дұрыстығына сеніп, оның дұрыс орындалуына бар мүмкіншіліктерін пайдалана білуі керек. Жылдық жоспардың міндеттері жедел жәржем жасалғанда кеңінен, нақтылы ашыла көрсетіледі. Мезоциклдер 3-4 микроциклдерден құралады да, 2-3 екпінді және 1-2 қалпына келу толқындары түрінде үргізіледі.

Жаттықтыру сабағы жаттықтыру процесін ұйымдастырудың неізгі түрі болып келенді. Ол дайындық, неізгі және қортынды бөлімдерден тұрады. Дайындық бөлімінің мақсаты-спортшы денесн неізгі бөлімде өтетін қарқынды, көлемді жұмысқа дайындау. Дайындық жалпы және арнайы деген екі бөлімге бөлінеді. Дайындық бөлімінде әртүрлі жалпы дайындық жаттығулары қолданылады. Мысалы, жүгіру жаттығулары, әр түрлі снарядтармен жаттығу, жалпы жаттығу, екі-екіден топтық жаттығу т.б.

Қазіргі кезде балалар спорт пен өте жас кезінен шұғылдана бастайды. Сондықтан жаттықтыру процесі не, жарыстар өткізуге айрықша көңіл бөлген жөн. жаттықтыру кезінде дене қуаты дайындығы жан-жақты дамытылуға, организмнің жұмыс істеу қабілеті арттырылуға тиіс. Психикалық және дене күші өсіп келе жатқан бала организмнің мүмкіндігіне, жасына, жынысына, дайындық деңгейіне сай болуы керек. Жаттықтыру жетісіне 3-6 рет өткізіліп, жаттығу балаларды жалықтырмайтындай әр түрлі әсерлі, көбінесе ойын түрінде болуы қажет. Организмнің бастапқы қалпына келу тәртібі, жаттықтырушының, дәрігердің ұсыныстары, ұйқы, тамақтану, дем алу тәртібі қатаң сақталғаны жөн. жаттығулардың бастапқы кезінде толық және қарапайым қалпына тәртібі, дене қуаты дайындығының деңгейі көтерілген соң қатаң қалпына келу процесін жеңілдету үшін күндік микроциклдер пайда болады да, аздап және орта күш түсіру қалпына келу процестерінің жеңіл өтуіне себебін тигізеді. Жыныстық же тілу мерзімі кезеңінде спортшы организмнің қызметі қатаң бақылауға алынады. Бұл мерзімде жасөспірім ұл мен қызбалаларға өте күш түсіру олардың денсаулығына зиянынын тигізуі мүмкін. Әсіресе қыз балаларға айрықша көңіл бөлген жөн. олардың жұмыс қабілеттілігінің өзгеруі, тез әсерленгіш көңіл-күйлері көбінесе етеккір келу циклдердің мерзіміне байланысты. Етеккір келер алдында және келген кезде жаттықтыру жүктемелерін азарту. Цикл аяқталған соң, спортшы қыздардың жұмыс қабілетінің тез қалпына келуіне көмектеседі. Ал енді қыз балалар организмнің ерекшеліктері ескерілмей жүргізілген жаттықтыру жұмыстары олардың қабілетін төмендетіп, жаттықтыруға ықыласын азайтады. Жаттықтырушының беделіне, біліміне сенімсіздік туғызады.

Дене қуаты қасиеттерін, қимыл шеберлігі мен дағдысын жетілдіру арқылы жасөспірімдерді еңбекке дайындау. Спорт пен шұғылдану балалардың бойында көпшілдік, адалдық, еңбексүйгіштік, тәртіптілік, қайсарлық, табандылық тәрізді мінез-құлықтарды қалыптастырады. Жас спортшыларды тәрбиелеуде жаттықтырушы ата-аналармен, мектеп ұжымымен тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Олардың қойған талаптары бірдей болса ғана жұмыс нәтижелі болады. Тәбиелеу өзгерістері сендіру және дағдыланғдыру әдістерінен тұрады. Сендіру әдісінің көмегімен спортшының ақыл-ойында қоғамның талаптарына сай мінез-құлық, жүріс-тұрыс тәртіптері қалыптастырылады. Спортшы қоғамдық орында өзін-өзі ұстауға дағдыланып, тәртіптілікке, ұжымның мүддесін ойлау сезіміне тәрбиеленіп, басқа да жақсы әдеттерді бойына сіңіруі керек. Сонда ғана ол саналы азамат болып өседі.

Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар

	<p>\$\$\$001 Қозғалыс құрылымының негізгі жиынтығы: А) Қозғалыс техникасының негізгі буыны В) Қозғалыс техникасының бөлшектері С) Қозғалыс техникасының негізі D) Қозғалыс техникасының құрамы E) Қозғалыс техникасының басты буыны F) Қозғалыс техникасының құрылымы G) Орындау техникасының автоматтандырылуы H) Қозғалыстың бастапқы фазасы {Дұрыс жауап} = А, E, G</p> <p>\$\$\$002 Қозғалыстың жалпы сапалық сипаттамасы: А) Қозғалыстың ырғағы В) Қозғалыстың динамикалық сипаттамасы С) Қозғалыс сапалығы D) Кеңістік, күш белгілері E) Қозғалыс бағыты F) Уақыт белгілері G) Қозғалыс үнемділігі H) Кеңістік-уақыт белгілері {Дұрыс жауап} = D, F, H</p> <p>\$\$\$003 Спорт теориясындағы заңдылықтардың деңгейлері: А) Жалпы деңгей В) Саяси деңгей С) Саяси-бірыңғай деңгей D) Бірыңғай деңгей E) Бірыңғай жалпы деңгей F) Экономикалық G) Жеке деңгей H) Әлеуметтік деңгей {Дұрыс жауап} = А, E, G</p>	
№ 15 дәріс	<p align="center">15–ДӘРІС ТАҚЫРЫБЫ: Спорттың бірыңғай классификациясы</p> <p>Құқықтық негіздер. Елімізді дене тәрбиесінің жүйесі, оның қалыпты қызмет етуін реттейтін белгілі бір нормативтік құжаттарға, актілерге сүйенеді. Бұл құжаттардың әртүрлі заң күші бар (қаулылар, заңдар, жарлықтар, нұсқаулар). Оладың ішінде еліміздің жаңа 1995 жылғы 30 таызында қабылданған конституциясының алар орны ерекше (29 бап). Бұл бапқа Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын сақтауға құқылы екендігі бекітілген. №1953 қаулысында спортты және дене тәрбиесін нақтылы жақсарту шаралары бекітілген. Бұлардан басқа да ұйымдар мен мекемелердің дене тәрбиесімен қамтамасыз ететін, сонымен бірге қызмет көлемін анықтайтын нормативтік құжаттар да бар (олар бала-бақша, мектеп, гимназиялар, колледждер, орта және жоғары оқу орындары).</p> <p>Әдістемелік негіздер. Дене тәрбиесінің заңдылықтарын және оқыту мен тәрбиелеу қағидаларын жүзеге асыру жөніндегі тиісті ұсыныстарды, сонымен қатар тұрғын халықтың әрбір әлеуметтік тобымен жаттығудың әдістері мен формаларын ұйымдастыруды, құрал-жабдықтарды пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды. Әдістемелік негіздерде дене тәрбиесі жүйесіне тән ғылымшылық көріністерді байқауға болады. Бұл орайда бастапқы теориялық ережелер және он іс жүзіне асыру ғылыми негіздеріне арнаулы теориялық және спорттық педагогикалық ғылымға сүйене отырып жасалады.</p> <p>Бағдарламалық-нормалық негіздер. Тұрғын халықтың дене дамуымен бірге білім беретін мектептерді, орта арнаулы және жоғарғы оқу</p>	1

орындарында өткізілетін дене тәрбиесінің ең төменгі міндеті көлемін анықтап белгілейді.

Спорттың бірыңғай классификациясы. Дене тәрбиесі жүйесінің бағдарламалық, мөлшерлік негізінің ең жоғарғы, қортынды сатыфсы болып табылған. Ол елдің барлық спорт ұйымдары үшін спорттың разрядтар мен атақтарды беру ережелері мен қағидаларын, сонымен қатар спорттың әр түрімен спортшының дайындығына қойылатын бірыңғай мөлшерлеп талаптарды белгілеген.

Спорттық классификацияның негізгі мақсаты: спорт пен көпшілікті қамту, спортшыларды жан-жақты тәрбиелеу, олардың дайындық сапасын арттыру және осы негізде жоғарғы спорттық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз ету. Классификациядағы спорт түрлері ойынша мөлшерлік талап тар шамамен әрбір төрт жылда байта қаралып отырылады.

Спорттық разрядтар мен атақтар арнаулы ережесі және календары бар спорт түрлері үшін ғана белгіленген. Оның құрамына сонымен бірге, әскери қолданбалы, кәсіптік-қолданбалы, біздің еліміздің ұлттық спорт түрлері енгізілген. Спорттың кейбір түрлері үшін разрядтың нормалары мен разрядтық талап тар бірдей енгізілген.

Ұйымдастыру негіздері. Дене тәрбиесі жүйесінің ұйымдық негіздері мемлекеттік өзін-өзі туындаған қоғамдық және басқару органдарының бір тұтас байланыстылығынан құралады. Бұл байланыс дене тәрбиесі жүйесінің бірыңғай мақсаты.

Дене тәрбиесі процесінде, қоғам талабына сай қозғалыс дағдыларын, арнаулы білімді, табиғи күштер мен гигиеналық факторларды, алдан-ала дайындалған жаттығуларының комплекстерін дене қабілетін арттыру үшін пайдаланса, онда педагогикалық жүйесінің бар екендігін айқындауға болады. Әрине, бұл процесс жалпы тәрбиенің өзге жақтарынан ты.

Балалардың дене тәрбиесі. Бала денесін жетілдірудің педагогикалық жүйесі деп. білеміз.

Мектептегі дене тәрбиесі. Жоғарыда айтып өткендей жалпы педагогикалық жүйенің бастр бөліктерінің бірі. бұл жүйе тек мектеб қабырғасында жүргізілетін жұмыстармен шектелетіндігі айқын, мысалы, дене тәрбиесі сабақтарында, секциялық жұмыстарда.

Оқушылар дене тәрбиесі мектепте, мектептен тыс жерлерде мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін әртүрлі жұмыстарды қамту деп. білеміз. Мектептегі дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары “Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының дене тәрбиесі туралы ережеде” баяндалған.

Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар

\$\$\$001

Спорт теориясының мазмұны:

- A) Спорттың дамуының жалпы концепциясы
- B) Спорттық жаттықтыру сипаттамасы
- C) Спорттың оқыту түрлері мен әдістерін тереңдете үйретеді
- D) Пәлсапа, саяси экономика
- E) Спорт түрлерінен техникалық және тактикалық білімдерді жетілдіреді
- F) Дене тәрбиесі тарихы
- G) Спорттық бағдарлау әдісі
- H) Спорттағы болжамдау үдерісі

{ Дұрыс жауап } = A, C, E

\$\$\$002

Пішіннің түрлері:

- A) Алға, артқа қисайған тұлғалар
- B) Жақсы бітімді тұлғалар
- C) Оң жаққа қисайған тұлғалар

	<p>D) Жаман бітімді тұлғалар E) Тік, иілген, еңкіш, еңкейген пішін F) Тұлғаны қалыптастыру кішкене кезден басталады G) Белсенді және жай тұлғалар H) Биік және аласа тұлғалар {Дұрыс жауап} = B, D, F \$\$\$003</p> <p>Спорт теориясының пәні:</p> <p>A) Спорт саласындағы экономикалық құбылыстар B) Спорт саласындағы тұрмыстық құбылыстар C) Спорт саласындағы педагогикалық құбылыстар D) Спорт саласындағы саяси құбылыстар E) Спорт саласындағы қоғамдық құбылыстар F) Спорт теориясы мен пәлсапасының арақатынасы G) Спорт саласындағы психологиялық қатынастар H) Спорттағы саясат мен экономиканың арақатынасы {Дұрыс жауап} = C, E, G</p>	
--	---	--